

Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № 361 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 қыркүйекте № 7920 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 203 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 13.05.2019 № 203 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 26-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ф.Н. Жақыпова):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Қ. Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы

М. Орынханов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрінің м.а.

_____ Б. Толымбаев

" ____ " _____ 2012 ж.

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа

технологиялар министрінің м.а.

_____ А. Рау

" ____ " _____ 2012 ж.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы
2012 жылғы 10 тамыздағы
№ 361 бұйрығымен бекітілген

Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесі

1. Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін есептеу әдістемесі "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейін анықтау үшін қазақстандық мамандарды оқытуға кететін шығындардың ең аз үлесін белгілеу қажет.

3. Константты немесе нормативті болып табылатын қазақстандық мамандарды оқытуға кететін шығындардың ең аз үлесі ($Ш_0$) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$B_{i_{жө}} : I_{i_{жө}}$$

$$Ш_0 = \frac{B_{i_{жө}}}{I_{i_{жө}}} \times 100 \% + K_{сал}$$

$$I_{i_{жө}} : B_{инв}$$

$B_{i_{жө}}$ – өткен кезеңге республиканың ішкі жалпы өніміндегі білім беруге арналған шығын үлесі (пайыздық арақатынаста),

$I_{i_{жө}}$ – өткен кезеңге республиканың ішкі жалпы өніміндегі негізгі капиталға салынатын инвестициялар үлесі (пайыздық арақатынаста),

$B_{инв}$ – өткен кезеңге негізгі капитал инвестицияларындағы білімнің үлесі (пайыздық арақатынаста).

$K_{сал}$ – әрбір салаға жеке мамандар даярлау үшін қажетті қосымша инвестицияның көлемін көрсететін салалық норматив, бұл норматив сол саланың әр жылға технологиялар трансфертті, индустриалды-инновациялық және ғылыми-техникалық дамуына сәйкес құзырлы органмен бекітіледі.

4. Қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Қ = K_{қтд} + КМ / ОШ,$$

Қ – жоспарлы кезеңде қазақстандық мамандарды оқыту бойынша қажеттіліктің ең аз деңгейі;

$K_{\text{қтд}}$ – саланың индустриалды-инновациялық және ғылыми-техникалық дамуы үшін технологияларды трансферттеу бойынша қазақстандық мамандарды оқытуға қажетті көлем;

ОШ – жоспарлы кезеңге қарастырылған білім беру ұйымдарында оқу жылына 1 маманды оқытуға арналған орташа шығыстар (мың теңге),

КМ – жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған қызметкерлерді оқытуға немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға бағытталған келісім-шарттық міндеттемелері (мың теңге) және ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$КМ = И \times Ш_о,$$

И - жыл сайынғы инвестициялар көлемі.